

**РФ технологиялық шешімдерінде
«№3 ст. энергоблокты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта
құру» жобасын дайындау және іске асыру жоспар-кестесінің орындалуы
бойынша есебі
(26.12.2024 ж. қараған жағдай бойынша)**

1. Жалпы ақпарат

- Жоба қуаты: 550 МВт
- Іске асыру мерзімдері: 2010ж. наурыз – 2028ж. қыркүйек.

2. Негізгі жабдықтарды сипаттау

- бу қазандығы «Подольск машинажасау зауыты» ААҚ «ЗиО» типі Пп-1650-25,5-545КТ, тікелей ағынды, Т-тәрізді орналасу, бу өнімділігі 1650 т/с, жаңа бу параметрлерімен $P_0 = 25,0$ МПа, $t_0 = 545$ °С;
- бу турбинасы «Силловые машины» ААҚ (ЛМЗ) типі К-550-240 қуаты 550 МВт, бір өнд. қыздырумен;
- турбиналық генератор «Силловые машины» ААҚ («Электросила») типі ТВВ-500-2У3 қуаты 550 МВт сутегі-сумен салқындатылған.

3. ТЭН әзірлеу

- 2023 жылдың қараша айында «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС-мен ТЭН әзірлеуге шарт жасалды.
- 2024 жылғы 31 мамырда Жобаның ТЭН №01-0235/24 мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

4. Қаржыландыруды ұйымдастыру

- 2023 жылдың 4-тоқсанынан бастап субсидияланған пайыздық мөлшерлеменен экспорттық қаржыландыруды тарту бойынша жұмыс жүргізілуде. 2023 жылдың желтоқсанында «Халықаралық қаржыландыру жобалары» ЖШҚ-дан (РФ) қаржыландырудың индикативті шарттары алынды, олар 7,5% субсидияланған сыйақы мөлшерлемесі бойынша РФ өндіріс жабдықтарын қолданған кезде бірден №3 және №4 екі энергоблогы (200 миллиард рубльге дейін) бойынша құрылыс құнын жабады.
- Банк консультанттарымен қаржы-техникалық аудит және мониторинг («НЭО Центр» АҚ), сақтандыру мәселелері бойынша («Марш – сақтандыру брокерлері» АҚ) және заң қызметтері бойынша («Алюминий Партнерс» ЖШҚ) қызметтер көрсетуге шарттар жасалды. Сондай-ақ, Тапсырыс берушінің қаржылық кеңесшісімен («КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС) және санкциялық комплаенс бойынша консультантқа («РИД СМИТ» ЖШС) қарыз қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалды.
- Жобаның банктік сараптамасы аяқталды.
- 11 қыркүйекте 1-ші кредитор Кредиттік комитетінің («ПМФ» ЖШҚ, РФ) қаржыландырудың кейбір шарттарын пысықтау шешімімен мақұлдау

алынды. Ресей Федерациясы Банкінің Басқармасы мен инвестициялық комитетін өткізу Ресей Федерациясы Үкіметінің жобаны субсидиялау туралы шешімін алғаннан кейін жоспарланған.

- 08 қазанда 2-ші кредитордың кредиттік комитетінің (ЕАДБ), 15 қазанда – 2-ші кредитордың Басқармасының (ЕАДБ) мақұлдауы алынды.
- Қажетті корпоративтік банктік процедуралардан өтуді ескере отырып, кредиттік шарт жасасу 2025 жылдың 2-тоқсанында жоспарланады.

5. ЕРС-келісімшарты

- 2024 жылғы 06 мамырда ҚР Үкіметі ЕРС-мердігердің қызметтерін бір дереккөзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізу мәселесі бойынша қаулы қабылдады.
- 2024 жылдың 2-3 тоқсаны ішінде Мердігермен, Акционерлермен, Кредитор өкілдерімен шарт мәтінін әзірлеу, келісу бойынша белсенді жұмыс жүргізілді.
- 2024 жылғы шілдеде ЕРС-келісімшарт жасасу мүмкіндігі үшін акционерлердің қажетті корпоративтік мақұлдаулары алынды.
- 2024 жылғы 28 тамызда «КВИ Energy Group» ЖШС (консорциум жетекшісі), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС (жобалаушы) және «ОРГРЭС электр станциялары мен желілерін баптау, технологиясын жетілдіру және пайдалану жөніндегі фирма» ЖШҚ (жабдықты жеткізуші) құрамында консорциуммен ЕРС-шарт жасалды.
- Осы Шартты орындау шеңберінде 2024 жылғы 03 қыркүйекте Бас жобалаушы жобалау үшін бастапқы деректерді, Тапсырыс берушіден бастапқы-рұқсат беру құжаттарын алуға ресми сұратулар орындады (ағымдағы жағдайы: жобалау үшін сұратылған құжаттаманың толықтығына ұсынылған құжаттаманы талдау). Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу процесінде қазіргі уақытта барлық техникалық шешімдер, бөлімдер бойынша жобаның графикалық бөлігі пысықталуда, сондай-ақ ТКП-ға сұраныстарды орындау үшін консорциум қатысушыларымен және жабдыққа тапсырыс берушімен техникалық талаптар мен сауалнама парақтарын әзірлеу және келісу орындалуда. Бүгінгі таңда ЖСҚ дайындығы шамамен 60-70% құрайды.
- 2024 жылғы 11 қазанда экологиялық сараптамаға (ҚОӘБ жүргізу) құжаттар берілді.
- 2024 жылғы 8 қарашада «№3,4 ст.энергоблоктарын орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қол қойылды және әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараттық ресурсына орналастырылды.
- 2024 жылғы 27 қарашада ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінен қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша оң қорытынды берілді.

6. Қуатқа жеке тариф алу

- Инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз ету үшін 2024 жылғы 31 қаңтарда №3 және №4 энергоблоктарын салуға инвестициялық келісімдер

- жасасу үшін қуатқа жеке тарифтер алуға ҚР Нарық кеңесіне өтінімдер берілді.
- 2024 жылғы 26 ақпанда Нарық кеңесі алдын ала мақұлдау алды, өтінімдер ҚР ЭМ қарауға берілді. ҚР ЭМ-мен инвестициялық өтінімдерді талқылау басталды.
 - 09 шілдеде Жобаның ТЭН-не «Мемсараптама» РМК-ның 31.05.2024 ж. №01-0235/24 оң қорытындысын алуына байланысты және инвестициялық бағдарламаларды іріктеу қағидаларына енгізілген өзгерістерді ескерумен №3 және №4 энергоблоктарын салуға инвестициялық келісімдер жасасу үшін қуатқа жеке тарифтер алуға Нарық кеңесіне өтінімдер берілді.
 - 2024 жылғы 15 шілдеде бу турбинасын дайындаушы зауыттың нақтыланған коммерциялық ұсынысына байланысты 2028 және 2030 жылдарға №3 және №4 энергоблоктарын пайдалануға беру мерзімдерін ауыстыру туралы әлеуетті Бас мердігерден хат алынды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 3-ші энергоблокты салу жөніндегі жобаның аяқталу мерзімі 2027 жылғы 31 желтоқсаннан 2028 жылғы 30 қыркүйекке, 4-ші энергоблокты – 2029 жылғы желтоқсаннан 2030 жылғы 30 қыркүйекке ауыстырылады.
 - Жобаларды аяқтаудың өзгертілген мерзімдері 24 шілдеде ҚР Энергетика министрі А. М. Сәтқалиевтің төрағалығымен өткен Электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі мәжілісте және 26 шілдеде ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Р.В.Склярдың төрағалығымен өткен «Самұрық-Энерго»АҚ энергетикалық жобаларын іске асыру барысы туралы мәжілісте назарға алынды.
 - 2024 жылғы 31 шілдеде ҚР Нарық кеңесіне аяқталу мерзімдерінің ауысуының өзгеруіне, сондай-ақ кредиттік қаржыландыру параметрлерінің нақтылануына байланысты жаңартылған инвестициялық бағдарламалар берілді.
 - 2024 жылғы 19 тамызда ҚР Нарық кеңесі төралқасының 19.08.2024ж. оң шешімі, тарифке жаңартылған өтінімдер ҚР ЭМ қарауына жіберілді.
 - 2024 жылғы 12 қыркүйекте ҚР ЭМ-мен 3-ші энергоблокты іске асыруға Инвестициялық келісімге қол қойылды.
 - 2024 жылғы 11 қазанда РФО атына 3-ші энергоблоктың қуатын сатып алуға шарт жасасу үшін «ЕГРЭС-2 ст.»АҚ қажетті құжаттар пакеті жіберілді.
 - 2024 жылғы 03 желтоқсанда «Расчетно-финансовый центр» ЖШС-мен 3-ші энергоблоктың электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шартқа қол қойылды (тірк. 03.12.2024ж. №04-12-0066).

7. Жоба бойынша тәуекелдер

- Жобаларға қажетті көлемде субсидия беру мәселесін жеделдету мақсатында 2024 жылғы 18 қазанда РФ Үкіметінің төрағасы М.В. Мишустинге ҚР Премьер-министрі О.А.Бектеновтен РФ Үкіметі тарапынан қолдау көрсету туралы хат жолданды. Осы шешімді қабылдау ұзақтығына байланысты ЖСҚ әзірлеу мерзімдерін ауыстыру, оған мемлекеттік сараптама қорытындысын алу және жоба бойынша ҚМЖ бастау қаупі бар.